

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
2011 ж. 20. 06
№ 78253-1910-1000
Алматы тіркелген күні 2006 ж. «05» 06
құқық қорғау органдарына тіркелген күні 20. 06. 2011
құқық қорғау органдарына тіркелген күні 05. 06. 2006
06 06 4000 4748

«Самұрық-Энерго» АҚ
«24» 03 2011 ж.
Директорлар Кеңесінің шешімімен
БЕКІЛГЕН
№ 44 хаттама
СОВЕТ ДИРЕКТОРОВ

**«АлматыЭнергоСбыт»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Жарғысы**

Алматы, 2011

СМОТРИ НА
ОБОРОТЕ

1-бап. Жалпы ережелер

1. «АлматыЭнергоСбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған (бұдан әрі - заңнама), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар Серіктестіктер туралы» Заңын (әрі қарай - Заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны басшылыққа алады.

2. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы болып (бұдан әрі – Қатысушы) табылады:

- **«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы** (10.05.2007ж. 26877-1910-АҚ заңдық тұлғаның мемлекеттік тіркелу туралы куәлігі), орналасқан мекенжайы: Астана қ., Сарыарқа ауданы, Әуезов к-сі, 66, банктік деректемелері: СТН 620 300 292 280, ЖСК KZ216010131000078623 «Қазақстан Халық банкі» АҚ Алматы облыстық №139900 филиалы, БСН 960941000145, БСК HSBKКZKX.

3. Серіктестіктің толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «АлматыЭнергоСбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2) орыс тілінде: товарищество с ограниченной ответственностью «АлматыЭнергоСбыт»;

3) ағылшын тілінде: «AlmatyEnergySbyt» Limited Liability Partnership.

Серіктестіктің қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС;

2) орыс тілінде: ТОО «АлматыЭнергоСбыт»;

3) ағылшын тілінде: «AlmatyEnergySbyt» LLP.

4. Серіктестіктің орналасқан мекенжайы (заңды мекенжайы): Қазақстан Республикасы, 050026, Алматы қ., Алмалы ауданы, Әйтеке би к-сі, 172/173 үй.

5. Серіктестік қызметінің мерзімі шектеусіз.

2-бап. Серіктестік қызметінің мақсаты мен түрлері

1. Серіктестік табыс табу мақсатында Қазақстан Республикасының және басқа елдердің аумағында өндірістік, коммерциялық және делдалдық қызметтерді жүзеге асыру үшін құрылды.

2. Серіктестік қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес болуы қажет және оған кіреді:

- электр энергиясын энергия өндіруші ұйымдардан немесе орталықтандырылған сауда-саттықтан сатып алу және оны жеке тұтынушыларға сату.

- тұтынушылар мен өндірушілердің мүддесімен рынокқа қатысу.

- электр энергиясына тарифты белгіленген тәртіпте есептеу, сонымен қатар тарифтерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік өкілетті органдарда негіздеу, келісу және/немесе бекіту.

- электр энергиясын өндіруші, энергия жеткізуші және тұтынушы арасында өзара есеп айырысу жүйесі өкілшісінің қызметін жүзеге асыру.

- электр энергиясын ұтымды пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру.

- консалтингтік қызметтерді ұйымдастыру мен көрсету, энергетика саласында ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарға қатысу.

- сауда-саттық, сауда-өкілдік, сауда-делдалдық қызметтер, осы қызмет Серіктестіктің негізгі қызметіне қатысты болуы шарт.

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған коммерциялық және кәсіпкерлік қызметтердің басқа да түрлері.

Тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін қызметтердің жеке түрлерімен Серіктестік тек арнайы рұқсат арқылы (лицензия) ғана айналыса алады.

Лицензия алғаннан кейін айналысуға болатын қызметпен өзгесі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілермен белгіленбеген жағдайда, Серіктестік тек лицензия алған сәттен бастап немесе онда көрсетілген мерзімде ғана айналысу құқығын алады және оның қолдану мерзімі аяқталғанда тоқтатылады.

3-бап. Серіктестіктің заңдық мәртебесі, құқықтары мен міндеттері

1. Серіктестік мемлекеттік тіркелгеннен кейін заңды тұлға құқығына ие болады.

2. Серіктестік жұмыскерлердің орташа жылдық саны екі жүз елу мыңнан асатын немесе активтердің жалпы құны жылына айлық есептеу көрсеткіші сәйкес қаржылық жылдағы республикалық бюджет туралы заңның бекіткен үш жүз жиырма бес мың еседен асатын ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

3. Серіктестікте мөр, мөртабан, дербес баланс, банктерде шоттары, өз атауымен бланктері бар.

Серіктестікте өзінің тауарлық (фирмалық) белгісі мен символикасы болуы мүмкін, олардың үлгісін Қадағалау кеңесімен келіскеннен кейін Бас директормен бекітіледі және белгіленген тәртіппен тіркеледі.

4. Серіктестік қызметінің мақсатына жету үшін өз атынан мәмілелер жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алуға, міндеттемелер атқаруға, сотта қуынушы, жауапкер болуға құқы бар.

5. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде филиалдар мен өкілдіктер ашуға, басқа заңды тұлғалармен ұйымдарға (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары болуға құқы бар.

6. Серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиісті мүліктермен жауап береді. Мемлекет Серіктестіктің қарыздарына жауап бермейді. Серіктестік мемлекеттің қарыздарына жауап бермейді.

Тек қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда Серіктестік өзінің Қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

7. Серіктестік Қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзінің Серіктестіктің жарғылық капиталына салған салым құнының шегінде Серіктестіктің қызметіне байланысты шығындардың қауіп-қатерін көтереді.

8. Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай облигациялар мен құнды қағаздарды шығаруға құқы бар.

4-бап. Серіктестіктің жарғылық капиталы мен мүлкі

1. Серіктестіктің жарғылық капиталы Қатысушының жеке салымы негізінде қалыптасқан 103 000 (жүз үш мың) теңгені құрайды.

2. Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері Жарғы ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай өзгеруі мүмкін.

3. Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ретінде ақша, құнды қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жерді пайдалану құқығы мен интеллектуалды қызмет нәтижелеріне құқығы мен басқа да мүліктер жатады.

Салым ретінде жеке мүліктік емес құқықтар мен басқа да материалды емес игіліктерді салуға болмайды.

4. Қатысушының шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгеруі мүмкін.

Серіктестіктің жарғылық капиталын мына жолдармен көбейтуге болады:

- Қатысушы жасаған қосымша салымдар;
- Серіктестіктің меншік капиталы есебінен, оның ішінде оның резервтік капиталы есебінен;
- Серіктестік құрамына жаңа қатысушылар қабылдау арқылы.

Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін, оның мемлекеттік тіркеу сәтіндегі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ең төменгі мөлшерінен төмендетуге болмайды.

5. Серіктестіктің мүлкі Қатысушының жарғылық капиталға салған бастапқы салымы есебінен, қосымша салымдардан, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстардан, қарыздық құралдардан және басқа да Серіктестіктің белгіленген тәртіпте сатып алынған немесе алынған мүліктерінен, сондай-ақ заңнамамен тыйым салынбаған басқа да көздерден қалыптасады.

Серіктестік мүлкі оның балансында ескеріледі.

5-бап. Серіктестіктің органдары

1. Серіктестік органдары болып табылады:

- 1) Қатысушы – жоғарғы орган;
- 2) Қадағалау кеңесі;
- 3) Бас директор – жеке дара атқарушы орган.

2. Серіктестік органдарының құзыреті, сондай-ақ олардың шешім қабылдау тәртібі немесе Серіктестік атынан шығуы Заңмен, басқа да заңнамалық актілермен және Серіктестік Жарғысымен белгіленеді.

6-бап. Қатысушы

1. Қатысушының құқықтары:

1) Заңнамамен және осы Жарғымен көзделген тәртіпте Серіктестік істерін басқаруға қатысуға;

2) Серіктестік қызметі жайлы ақпарат алуға, осы Жарғының 10-бабында көзделген тәртіпте бухгалтерлік және басқа да құжаттамалармен танысуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестік қызметінен осы Жарғыға және Қатысушы шешіміне сәйкес табыс алуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестікте өзінің қатысуын тоқтатуға;

5) Егерде Серіктестік таратылатын жағдайда, өзінің қатысу үлесіне пара-пар кредиторлармен есептесуден қалған Серіктестік мүлкінің тиісті құнын алуға немесе Серіктестіктің осындай мүлкінің заттай бөлігін алуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарды иеленуге және қолдануға.

2. Қатысушының міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасының, осы Жарғының талаптарын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғымен көзделген тәртіпте, мөлшерде, мерзімде Серіктестіктің жарғылық капиталына салым салуға;

3) Серіктестікте коммерциялық құпия саналатын мәліметтерді таратпауға.

3. Қатысушының ерекше құзыретіне мына сұрақтар жатады:

1) Жарғыға өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге, Серіктестіктің орналасқан орнын және фирмалық атауын өзгертуге, Жарғыны жаңа редакцияда бекітуге;

2) Серіктестіктің Жарғылық капиталының мөлшерін өзгертуге;

3) Серіктестіктің қадағалау кеңесінің Төрағасын және мүшелерін сайлауға, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға, сондай-ақ сыйақы мен өтемақы төлеу тәртібін анықтауға;

4) бес жылдан аспайтын белгіленген мерзімге Серіктестіктің Бас директорын тағайындауға және Бас директордың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

5) Серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлесін немесе оның мүлкін сенімді басқаруға тапсыру туралы шешім қабылдауға және мұндай тапсырудың шарттарын анықтауға;

6) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін бекіту және таза табысты бөлу;

7) серіктестіктің жарғысы бойынша оларды бекіту серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жататын құжаттардан басқа, ішкі тәртіпті, оларды қабылдау процедурасын және серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекітуге;

8) Серіктестікті қайта құру мен тарату туралы шешім

9) тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;

10) Серіктестіктің барлық мүлкінің кепілдігі жайлы шешім;

11) Серіктестіктің басқа да шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім;

12) Серіктестіктің облигацияларын шығарудың шарттары мен тәртібін белгілеу;

13) Заңға сәйкес Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар салу туралы шешім;

14) серіктестік қатысушыларына және үлес сатып алушыларға серіктестіктің қызметі жайлы ақпарат беру тәртібі мен мерзімін бекіту;

15) осы Жарғымен және заңнамамен Қатысушының құзыретіне жатқызылған басқа да сұрақтар.

4. Серіктестіктің Қатысушысы Серіктестік қызметіне байланысты кез келген мәселені қарап талқылауға құқы бар.

5. Серіктестіктің Қатысушысы өзінің ерекше құзыретіне жатпайтын өкілеттікті Қадағалау кеңесіне немесе Серіктестіктің Бас директорына беруге құқы бар.

6. Қатысушы Қадағалау кеңесінің немесе Серіктестіктің бас директорының Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты сұрақтары бойынша кез келген шешімін жоюға құқы бар.

7-бап. Қадағалау кеңесі

1. Қадағалау кеңесі Серіктестіктің Бас директорының қызметіне бақылау жасайтын орган болып табылады және өз қызметін заңнамаға, осы Жарғыға және Серіктестік Қатысушысымен бекітілетін Қадағалау кеңесі туралы Ережеге сай ұйымдастырады.

2. Қадағалау кеңесінің ерекше құзыретіне мына сұрақтар жатады:

1) Серіктестік қызметінің басымдылық бағыттарын анықтау;

2) Серіктестіктің бизнес-жоспарларын, бюджеттерін, даму жоспарларын бекіту;

3) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту;

4) Серіктестіктің Бас директорының орынбасарларын және бас бухгалтерді тағайындау (жұмысқа қабылдау), орын ауыстыру мен босату туралы шешімдер қабылдау;

5) Серіктестіктің қызметін ұйымдастыру мақсатында Бас директордың және Қатысушының қабылдайтын құжаттарынан басқа Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

6) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың және коммерциялық емес ұйымдардың құрылуына және қызметіне қатысуы туралы сұрақтарды алдын ала келісу, сондай-ақ олардың акцияларын (қатысу үлесін) алу, заңнамада көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда;

7) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру мен жабу және олар туралы ережелерді бекіту туралы шешім;

8) Серіктестіктің жалпы штаттық санын бекіту;

9) жұмыскерлерге мобильді байланысты пайдалану құқығын ұсынған кезде Серіктестіктің қаржысы есебінен өтелетін шығындардың лимитін, өкілдік шығындардың және басқа лимиттерді бекіту ;

10) Серіктестіктің басшылықтағы жұмыскерлерінің лауазымдар тізімін анықтау және бекіту, сондай-ақ еншілес және тәуелді заңды тұлғалар тізімін, оларды бекіту мен келісу Серіктестіктің Қадағалау кеңесімен жүзеге асырылады;

11) Серіктестік жайлы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпаратты белгілеу;

12) еңбек ақы төлеу туралы ережені және Серіктестік жұмыскерлерінің еңбек ақысын төлеу кестесін бекіту;

13) Серіктестіктің есепке алу саясатын бекіту;

14) жеңіл қызмет автомобилінің тиістілік нормативін және әкімшілік аппаратын орналастыру алаңының мөлшерін бекіту;

15) Серіктестіктің Бас директорының және оның орынбасарларының лауазымдық кесімді жалақы мөлшерлері мен еңбек ақы төлеу шарттарын және сыйақы төлеуді белгілеу;

16) Серіктестіктің Қадағалау кеңесі бекітетін ішкі құжаттардың тізімін белгілеу;

17) нәтижесінде серіктестік, құны серіктестік активінің жалпы мөлшерінен отыз бес және одан артық болатын мүлік сатып алынатын немесе берілетін мәміле немесе өзара байланысқан мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешім қабылдау;

18) Серіктестіктің жылжымайтын мүлікті беру немесе сатып алу туралы мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;

19) заңнамамен және Жарғымен көзделген Серіктестіктің Қатысушысының ерекше құзыретіне жатпайтын басқа да сұрақтар.

3. Қадағалау кеңесінің ерекше құзыретіне жататын сұрақтар Серіктестіктің Бас директорының шешуіне берілмейді.

4. Қадағалау кеңесі Жарғыға сәйкес Серіктестіктің құзыретіне жататын сұрақтар бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Серіктестіктің Қатысушысының шешіміне қарама-қарсы шешімдер қабылдауға құқы жоқ.

5. Серіктестіктің Қадағалау кеңесі Қатысушы белгілеген мөлшерде, 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Серіктестіктің Бас директоры бір уақытта Қадағалау кеңесінің мүшесі бола алмайды.

6. Егер заңнамамен басқасы көзделмеген жағдайда, Қадағалау кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз қайта сайлана алады.

Қадағалау кеңесінің немесе оның жекелеген мүшесінің өкілеттік мерзімі Қатысушының жаңа Қадағалау кеңесін немесе Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің жаңа мүшесін қабылдау туралы шешім қабылдаған сәттен бастап аяқталады.

7. Қатысушы Қадағалау кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін тоқтатуға құқы бар.

8. Қадағалау кеңесін Төраға басқарады. Қадағалау кеңесінің Төрағасын Серіктестіктің Қатысушысы оның мүшелері арасынан сайлайды.

9. Заңнамамен және Жарғымен белгіленген тәртіпте Қадағалау кеңесінің Төрағасы:

1) Қадағалау кеңесінің отырысын шақыруға;

2) Қадағалау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, отырысын жүргізуге;

3) Қадағалау кеңесінің отырысында хаттама жүргізуді ұйымдастыруға;

4) Серіктестік атынан Бас директормен еңбек шартын жасасады және егер Қатысушының шешімімен белгіленбеген болса, Қадағалау кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық кесімді жалақы мөлшері белгіленеді. Бұл ретте Бас директормен еңбек шартында Серіктестік Бас директорының материалдық ынталандыруы мен жауаптылығы оның қызмет нәтижесі мен Серіктестіктің өндірістік жоспарын орындалуына тікелей байланысты екендігі көзделуі қажет.

10. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның қызметін Қадағалау кеңесінің шешімі бойынша Қадағалау кеңесінің бір мүшесі жүзеге асырады.

11. Қадағалау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Қадағалау кеңесінің қарастырған мәселесі бойынша шешім Қадағалау кеңесі мүшелерінің көпшілік дауыс беруімен қабылданады. Дауыс берудің тепе-теңдігі кезінде, Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің Төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

12. Қадағалау кеңесінің отырысы оның Төрағасының бастамасы бойынша, Қадағалау кеңесінің кез келген мүшесінің, Бас директордың, сондай-ақ Серіктестіктің Қатысушысының талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

13. Қадағалау кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Қадағалау кеңесінің Төрағасына Қадағалау кеңесі отырысының күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынылады.

Қадағалау кеңесінің отырысын шақыру туралы талап түскен сәттен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей Қадағалау кеңесінің Төрағасымен отырыс шақырылуы қажет.

Қадағалау кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама отырыстың күн тәртібіне қойылатын сұрақтар бойынша материалдарын қосып, Қадағалау кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізетін мерзімнен 3 (үш) күннен кешіктірмей жіберілуі қажет.

Отырыс өткізу туралы хабарламада мерзімі, уақыты мен орны, сондай-ақ күн тәртібі көрсетілуі қажет.

Қадағалау кеңесінің отырысы көрсетілген талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақырумен жүргізіледі.

14. Қадағалау кеңесінің отырысы тоқсан сайын бір рет шақырылуы қажет.

15. Қадағалау кеңесінің мүшесі Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің Төрағасын өзінің Қадағалау кеңесінің отырысында қатыса алмайтыны туралы алдын ала жазбаша хат жіберу арқылы ескертуі қажет.

16. Қадағалау кеңесі егер отырыста Қадағалау кеңесінің сайланған мүшелерінің жартысы қатысқан жағдайда, шешім қабылдауға құқы бар.

Қадағалау кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жеткіліксіз болса, Қадағалау кеңесі Серіктестіктің Қатысушысынан Қадағалау кеңесінің жаңа мүшелерін сайлауды талап етуге міндетті.

17. Бетпе-бет өткізілген отырыста қабылданған Қадағалау кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырысты төрағалық еткен тұлғамен құрастырылып, оған қатысқан Қадағалау кеңесі мүшелерінің және Қадағалау кеңесінің хатшысының отырыс өткізген күннен кейін 3 (үш) күн ішінде қолдары қойылуы қажет және онда мыналар болуы шарт:

- 1) Серіктестіктің атқарушы органының толық атауы мен орналасқан орны;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты мен орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар жайлы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған сұрақтар және олар бойынша дауыс берудің қорытындысы;

- 6) қабылданған шешімдер;

- 7) Қадағалау кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер.

18. Дауыс беруден бас тартқан немесе күн тәртібінде қойылған сұрақ бойынша қабылданған шешімге қарсы дауыс берген Қадағалау кеңесінің мүшесі оған жазбаша негіздеме ұсынады. Мұндай негіздеме Қадағалау кеңесінің хатшысымен Қадағалау кеңесінің шешімінің хаттамасына тіркеледі.

19. Қадағалау кеңесі Төрағасының қалауы бойынша қарауға қойылған сұрақтар жөнінде Қадағалау кеңесімен шешім қабылдау сырттай дауыс беру арқылы жүргізілуі мүмкін.

Қадағалау кеңесінің сырттай отырысының шешімі Қадағалау кеңесі мүшелерінің қол қойған бюллетендері негізінде хаттама түрінде ресімделеді, ол хаттамаға тіркеледі. Хаттамаға Қадағалау кеңесінің Төрағасы мен хатшысы қолдарын қояды.

20. Қадағалау кеңесі отырысының хаттамасы Серіктестіктің мұрағатында сақталады.

21. Қадағалау кеңесінің хатшысы Қадағалау кеңесі мүшесінің талап етуімен танысу үшін Қадағалау кеңесі отырысының хаттамасы мен бетпе-бет дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді және оған хаттама мен шешімнің Қадағалау кеңесі хатшысының қолымен және Серіктестік мөрінің баспа-таңбасымен куәландырылған үзіндісін беруге міндетті.

8-бап. Бас директор

1. Бас директор Серіктестіктің бірінші басшысы болып табылады. Өз міндеттерін атқару кезінде Бас директор Серіктестіктің мүддесі үшін, адал әрі дұрыс еңбек етуі қажет.

2. Серіктестіктің Бас директорының құзыретіне заңнамамен, Жарғымен, Серіктестіктің ішкі құжаттарымен белгіленген, Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын, Серіктестіктің қызметін қамтамасыз ететін барлық мәселелер жатады, оның ішінде:

- заңнамамен және Серіктестік Жарғысымен көзделген тәртіпте Серіктестік атынан меміле жасауға;

- Серіктестіктің құрылымын, штатын (штаттық кестесін), оның филиалдары мен өкілдіктерін бекітуге;

- Қадағалау кеңесі мен Серіктестіктің Қатысушысы бекітетін құжаттарды қоспағанда, Серіктестіктің қызметін ұйымдастыруға бағытталған құжаттарды бекітуге;

- бекітілген бизнес-жоспар, бюджет, даму жоспары аясында Серіктестіктің тауарлар, жұмыс, қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарын бекітуге;

- Серіктестіктің барлық жұмыскерлері орындауға міндетті шешімдер қабылдауға;

- белгіленген тәртіпте, Қадағалау кеңесімен келісілгеннен соң, Серіктестіктің спонсорлық көмек (қайырымдылық көмек) көрсету туралы шешімдер қабылдауға;

- Қадағалау кеңесі мүшелерінің жүктелген қызметті орындау кезінде Серіктестіктің қызметі жайлы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты жазбаша сұрату алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей уақтылы беруді қамтамасыз етуге;

- Серіктестіктің Қадағалау кеңесі мен Қатысушысының ерекше құзыретіне жатпайтын Серіктестіктің қызметін қамтамасыз ететін басқа да сұрақтар бойынша шешім қабылдауға.

3. Бас директор мына қызметтерді жүзеге асырады:

- Серіктестікті басқарады;

- Серіктестік атынан сенімхатсыз үшінші жақтарға қатысты әрекет жасау, Серіктестіктің өкілі болу құқығына сенімхат, оның ішінде қайтадан беру құқығымен сенімхат беруге;

- Серіктестік атынан мәмілелер жасайды және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

- Қадағалау кеңесінің қабылдаған шешімдерінің негізінде Серіктестік атынан Бас директордың орынбасарларымен, бас бухгалтермен еңбек шарттарын жасасады, сондай-ақ олардың орын ауыстыруларын және жұмыстан босатылуын жүзеге асырады;

- Серіктестіктің бас директорының орынбасарлары мен бас бухгалтерлерінен басқа, бекітілген жалпы штаттық саны шегінде жұмысқа қабылдауды, жұмыскерлердің орын ауыстыруларын және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға ынталандыру шарасын және тәртіптік жазалауды қолданады, Серіктестіктің бас директорының орынбасарларынан басқа, жұмыскерлердің еңбекақы жүйесін белгілейді, Серіктестіктің штаттық кестесіне сәйкес Серіктестік жұмыскерлерінің лауазымдық кесімді жалақы мөлшерін және кесімді жалақыларына жеке үстемеақы белгілейді, Серіктестік жұмыскерлерінің сыйақы мөлшерін белгілейді;

- Бас директордың орынбасарлары арасында олардың құзыреттері мен жауапкершіліктерін, міндеттерін бөледі;

- Серіктестіктің жұмыс тәртібін белгілейді;

- Серіктестіктің ағымдық және перспективалық жоспарлары мен бағдарламаларын орындалуын қамтамасыз етеді;

- Қадағалау кеңесі мен Қатысушы алдында Серіктестік жұмысы үшін жауапты болады;

- Серіктестіктің және оның бөлімшелерінің банктік және басқа шоттарын ашады;

- бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;

- Қадағалау кеңесімен келіскеннен кейін, филиалдар мен өкілдіктердің, Серіктестіктің еншілес ұйымдарының басшыларын тағайындайды және қызметтерінен босатады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіпте Серіктестік жұмыскерлерін мүліктік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдайды;

- Серіктестіктің Қадағалау кеңесі мен Қатысушының шешімдерін жүзеге асырады;

- Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің, еншілес ұйымдарының жұмысын үйлестіреді және бағыттайды;

- Серіктестіктің ішкі қызметіндегі өндірістік мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

- Серіктестік атынан іс қозғайды және соттың және төрелік іс қарауына

қатысады;

- міндеттерді орындауға қажетті, Серіктестіктің Қадағалау кеңесі мен Қатысушының ерекше құзыретіне жатпайтын және заңнама мен Серіктестіктің Жарғысына қарама-қайшы келмейтін Серіктестіктің ағымдық қызметіне қатысты барлық басқа мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

4. Бас директордың қызметі, құқықтары мен міндеттері осы Жарғымен, сондай-ақ Серіктестікпен жасасқан еңбек шартымен белгіленеді. Серіктестік атынан Бас директормен жасасқан еңбек шарты Қадағалау кеңесінің Төрағасымен немесе Серіктестік Қатысушысының өкілеттік берген тұлғасымен қол қойылады.

5. Серіктестіктің Бас директорына тыйым салынады:

1) Қатысушының келісімінсіз, Серіктестікпен мүлдік пайда табуға бағытталған (басыбүтін, қарыз беру, ақысыз пайдалану, сатып алу-сату шарттарын және т.б. қосқанда) мәмілелер жасауға;

2) Серіктестіктің үшінші жақпен жасасқан мәмілелері үшін Серіктестіктен және үшінші жақтан комиссиялық сыйақы алуға;

3) Серіктестікке қатысты үшінші жақтың атынан немесе оның мүддесімен шығуға;

4) Серіктестіктің қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызметті жүргізуге.

Осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көзделген шектеулер Бас директордың жұбайына, тікелей туыстарына, сондай-ақ туған бауырларына да қатысты.

Серіктестіктің қатысушысы сотта жоғарыда аталған осы баптың 5 тармағында көзделген тыйым салуларды оның немесе туыстарының бұзу арқылы келтірген шығындарды төлеуді талап етуге құқылы.

9-бап. Серіктестіктегі сыртқы аудиті

1. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін тексеру және дұрыстығын растау үшін, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жағдайын тексеру үшін, Серіктестікпен, Қадағалау кеңесінің мүшелерімен немесе Бас директормен мүлдік мүдделермен байланыспаған аудиторлық ұйымды тартуға құқылы.

Серіктестіктің Қатысушысы өз қаржысы есебінен Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудиторлық тексерісті жүргізуді талап етуге құқылы.

2. Егер Серіктестіктің Бас директоры Серіктестіктің қаржылық есептілігіне міндетті аудиторлық тексерістен немесе Серіктестіктің Қатысушысы талап еткен тексерісті жүргізуден бас тартатын болса, онда мұндай тексерісті кез келген мүдделі тұлға немесе Серіктестіктің Қатысушысының өтініші бойынша қабылданған сот шешімімен тағайындалады.

3. Серіктестік заңнамаға сәйкес есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібінің сақталуына және шынайылығына жауап береді.

10-бап. Серіктестіктің ақпаратты ашуы. Серіктестік құжаттары

1. Серіктестік Қатысушының жазбаша сұратуы бойынша Серіктестіктің қызметі жайлы ақпаратты, Серіктестіктің Қатысушысының мүддесін қозғайтын, сондай-ақ Қатысушыға Серіктестіктің бухгалтерлік және басқа құжаттамасын танысуға береді.

Мұндай ақпаратты Серіктестіктің Бас директоры жазбаша сұрату алған күннен кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде береді.

2. Серіктестіктің Бас директоры Серіктестіктің Қатысушысын сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғандығы туралы құлақтандыруға міндетті.

3. Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғандығы туралы ақпаратты Серіктестіктің Қатысушысына, Серіктестік тиісті сот хабарламасын немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іс туралы шақыру алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуы қажет.

4. Серіктестіктің қызметіне қатысты құжаттар Серіктестіктің Бас директорының атынан атқарушы органның орналасқан мененжайы бойынша оның барлық қызмет ету мерзімі ішінде сақталуға тиісті.

Сақталуға жататын құжаттар:

1) Жарғы, Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
2) хаттамалар, Серіктестік органдарының шешімдері, күн тәртібіне қойылған сұрақтар бойынша материалдар;

3) Серіктестіктің заңды тұлға ретіндегі мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәлік;

4) Серіктестіктің белгілі бір қызмет түрімен айналысуға немесе белгілі бір әрекетті жасауға лицензиясы;

5) Серіктестіктің оның балансындағы мүліктерге құқығын растайтын құжаттар;

6) Серіктестік филиалдары мен өкілеттіктері жайлы ережелер;

7) Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттар.

5. Басқа да құжаттар, оның ішінде Серіктестіктің қаржылық есептілігі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде сақталады.

6. Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты жариялауға қолданылатын бұқаралық ақпарат құралы ретінде «Республикалық газет «Казахстанская правда»» АҚ, «Республикалық газет «Егемен Қазақстан»» АҚ саналады.

11-бап. Серіктестіктің қайта құрылуы

1. Серіктестіктің қайта құрылуы (қосылуы, бірігуі, бөлінуі, шығуы, қайта жаңаруы) Серіктестік Қатысушысының шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Үлесін алу немесе Серіктестік қатысушылар құрамындағы басқа да өзгерістері Серіктестіктің қайта құрылуы болып саналмайды.

2. Заңнамалық актілермен белгіленген жағдайларда, бөліну немесе оның құрамынан бір немесе бірнеше серіктестіктің бөлініп шығуы сияқты түріндегі Серіктестіктің қайта құрылуы өкілетті мемлекеттік органдардың шешімі немесе сот шешімі арқылы жүзеге асырылады.

3. Заңнамалық актілермен белгіленген жағдайларда, қосылу немесе бірігу сияқты түріндегі Серіктестіктің қайта құрылуы өкілетті мемлекеттік органдардың келісімімен ғана жүзеге асырылады.

4. Қайта құрылған Серіктестіктің мүлкі оның тіркелу сәтінде, егер басқасы заңнамалық актілермен немесе қайта құру туралы шешіммен көзделмеген жағдайда оның құқығы ауысқан тұлғаға өтеді.

12-бап. Серіктестікті тарату

1. Серіктестік оның Қатысушысының шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

2. Серіктестік сот шешімі бойынша мына жағдайларда таратылуы мүмкін:

1) банкрот болғанда;

2) Серіктестіктің құрылу кезінде түзетуге болмайтын сипаттағы заңнаманы бұзу болғандығына байланысты тіркелуі жарамсыз деп танылған жағдайда;

3) қызметті тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) немесе заңнамалық актілермен тыйым салынған қызметті, заңнаманы бірнеше рет немесе дөрекі бұза отырып, жасаған жағдайда;

4) заңнамалық актілермен көзделген басқа да жағдайларда.

3. Серіктестікті осы баптың 2-тармағында көрсетілген негіздер бойынша тарату туралы мүдделі тұлғалардың сотқа талап беруімен жүзеге асырылуы мүмкін, егер заңнамалық актілермен басқасы көзделмесе.

4. Серіктестікті тарату Серіктестік Қатысушысының тағайындаған тарату комиссиясымен немесе сот арқылы жүргізіледі.

Сот шешімі бойынша таратуды жүргізу Серіктестіктің өзіне жүктелуі мүмкін; Серіктестікпен тағайындалған орган; Серіктестікті таратуға оның құрылтайшылық құжаттарымен өкілет берілген органға, немесе сот тағайындаған органға (тұлға) жүктеледі.

13-бап. Серіктестік қызметінің тоқтауы

1. Серіктестіктің қызметін тоқтатуға осы Жарғының 11 және 12-бабтарында көрсетілген негіздерден басқа мына жағдайлар болуы мүмкін:

1) егер жарғылық капиталдың азаюы нәтижесінде оның мөлшері заңнамада көзделген ең төменгі мөлшерден аз болған жағдайда;

2) егер Қатысушы Серіктестіктің тіркелу сәтінен бастап жыл ішінде оның жарғылық капиталын түзбеген жағдайда.


2. Егер жарғылық капиталдың азаюы нәтижесінде оның мөлшері заңнамада көзделген ең төменгі мөлшерден аз болған жағдайда, сондай-ақ заңнамада көзделген мерзімде Қатысушы Серіктестіктің жарғылық капиталын түзбесе, Қатысушы бір жылдың ішінде жарғылық капиталға қосымша салымдар салуы қажет. Басқа жағдайда Серіктестік мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сот шешімімен таратылуға жатады.

14-бап. Қорытынды ережелер

1. Егер Жарғының қандай да бір ережесі күшін жойса, оның басқа ережелерге қатысы болмайды. Күші жойылған ереже мағынасы жағынан жақын құқықтық қатынаста жол берілетін ережемен ауыстырылады.

2. Жарғы әділет органдарында мемлекеттік тіркелу сәтінен бастап күшіне енеді.

Бас директор



М.Гамбургер

Гамбургер *Гамбургер*

СМОТРИ НА
ОБОРОТЕ

УТВЕРЖДЕН
решением Совета директоров
АО «Самрук-Энерго»
от «24» сентября 2011
Протокол № 44



Устав
товарищества с ограниченной ответственностью
«АлматыЭнергоСбыт»

Алматы, 2011



Статья 1. Общие положения

1. Товарищество с ограниченной ответственностью «АлматыЭнергоСбыт» (далее - Товарищество) создано в соответствии с законодательством Республики Казахстан (далее – законодательство), руководствуется Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (далее – Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, настоящим Уставом.

2. Единственным участником Товарищества (далее – Участник) является:

- **акционерное общество «Самрук-Энерго»** (свидетельство о государственной регистрации юридического лица 26877-1910-АО от 10.05.2007г.), место нахождения: г. Астана, р-н Сарыарка, ул. Ауэзова, 66, банковские реквизиты: РНН 620 300 292 280, ИИК KZ216010131000078623 в АО «Народный банк Казахстана» Алматинский областной филиал №139900, БИН 960941000145, БИК HSBKZKX.

3. Полное наименование Товарищества:

1) на государственном языке: «АлматыЭнергоСбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

2) на русском языке: товарищество с ограниченной ответственностью «АлматыЭнергоСбыт»;

3) на английском языке: «AlmatyEnergySbyt» Limited Liability Partnership.

Сокращенное наименование Товарищества:

1) на государственном языке: «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС;

2) на русском языке: ТОО «АлматыЭнергоСбыт»;

3) на английском языке: «AlmatyEnergySbyt» LLP.

4. Место нахождения (юридический адрес) Товарищества: Республика Казахстан, 050026, г. Алматы, Алмалинский район, ул. Айтеке Би, д.№172\173.

5. Срок деятельности Товарищества не ограничен.

Статья 2. Цель и виды деятельности Товарищества

1. Товарищество создается для осуществления производственной, коммерческой и посреднической деятельности на территории Республики Казахстан и других стран с целью извлечения дохода.

2. Деятельность Товарищества должна соответствовать действующему законодательству Республики Казахстан и включает:

- покупку электрической энергии у энергопроизводящих организаций или на централизованных торгах и продажа ее розничным потребителям.

- участие на рынке в интересах Потребителей и производителей.

- осуществление в установленном порядке расчета тарифа на электрическую энергию, а также обоснование, **согласование и/или утверждение тарифов** в уполномоченных государственных органах в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

- осуществление функции администратора системы взаиморасчетов между производителем электрической энергии, энергопередающей организацией и потребителем.

- организация работы по рациональному использованию электрической энергии.

- организация и оказание консалтинговых услуг, участие в научно-исследовательских и конструкторских работах в области энергетики.

- торгово-закупочная, торгово-представительская, торгово-посредническая деятельность, при условии, что эта деятельность относится к основным видам деятельности Товарищества.

- иные виды коммерческой и предпринимательской деятельности, не запрещенные законодательством Республики Казахстан.

